



100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

Зияллылармен келелі кеңес өтті

Кеше елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев елімізге танымал зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Оған Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов және бірқатар министрліктің жаупты өкілдері қатысты.



Жиынды ашқан Бердібек Машбекұлы бұл басқосудың басты мақсаты еліміздегі саяси салмақты оқиға – Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын саралап, халықтың сөзін ұстаган қаламгерлердің ой-пікірін тындау, келелі кеңес құру екенін атап өтті.

Сондай-ақ вице-премьер Елбасы тарапынан да, қазіргі Мемлекет басшысының ұстанымынан да, зиялы қауымға бейтараптық көзқарас болған емес, соның бір жалғасы бүгінгі кездесу екенін айтты. «Президентіміз кезекті Жолдауында «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады» дегенін білесіздер. Ең бастысы, қоғамдағы жастар тәрбиесі мен отбасылық құндылықты сақтап, атадан балаға жалғасып келе жатқан ұрпақ сабактастығын үзбей, жас буынды еңбекке баулу, масылдықтан ада ету жайы қазіргі танда аса маңызды. Әсіресе, масылдық пен мұқтаждықты ажыратын кез келді», деп атап өтті. Зиялы қауым арасынан алғашқы болып сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәulet Президенттің Жолдауында айтылған қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оны ұлтаралық қатынас тілі дәргейіне жеткізу жөніндегі ойын тілімізді өгейліктен арылтатын дұрыс қадам деп бағалады. Сонымен қатар келер жылы тойлануы тиіс әл-Фарабидің 1150, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойлары халық ғибрат аларлық басқаша сипатта өтсе, одан кейін «Мәдениет туралы» заңға әдебиет мәселеісін қарайтын құқықтық бап енгізілсе деген ұсынысын айтты.

Ақсақалдар атынан сөз алған танымал қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лаурасты Әнес Сарай қаламгерлерді ынталандыру үшін қаламақы мәселесін шешудің жолын қарастыруды қадап айтса, жазушы Дулат Исабеков, қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық қауіпсіздік жайын ескеру керектігіне тоқталып, әсіресе ауылды көркейту, ауыл жастарын жұмыспен қамту қажет, өйтпесе ауыл ұсақ бұзакылықтың ордасына айналып барады дей келе, бүгінгі таңдағы әдебиеттің өзекті буыны аударма ісі науқаншылыққа ұласып жатқанын қынжыла жеткізді.

Ал қарымды қаламгер Қойшығара Салғараұлы Мемлекет басшысының Жолдауындағы бейбіт шеру ұйымдастырудың заңдылық тетіктері биліктің халықты тыңдауға деген онтайлы қадамы болуы тиіс деген пайымын айтып, алаш баласының ардағы Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту, ұрпақтың тарихи санасын жаңғыртуға қатысты жақсы қадам екенін жеткізді.

Келесі сөз иесі Алдан Смайыл мырза қазіргі күндегі жазушы мен баспа ісі арасындағы нарықтық қиғаштыққа тоқталды. Ол мемлекеттік сатып алу заңы бойынша баспа жазушы қолжазбасын 70 жылға меншіктейді екен, авторды бұлай құқынан айыруға болмайды десе, жазушы Бексұлтан Нұржекеев еліміздегі рухани реформа – латын әліпбиіне көшу үрдісінде ойланарлық дүние көптігіне тоқталды. Әсіресе, жақадан жасалып жатқан қазақ тілінің емле-ережесі тіл табиғатын комьюнікаторлік жүйеге бейімдеуде, бұл тілді бұзады. Сондықтан бұл істі жалпы халықтық талқылауға ұсынған жөн екенін айтты.

Жазушы Мереке Құлкенов бұрынғы Жазушылар одағының қарамағында болған Әдебиетті насиҳаттау бюросын қайта ашып, халық пен қаламгерлердің жылды жүздесуін жүргізу керек деген ұсынысын жеткізсе, ақын Ақұштап Бақтыгереева «Бұрын театр халықты тәрбиелейтін ошақ болатын, сол себепті ол жерде тек классикалық дүниелер қойылатын, сол классикаларды қайта жаңғыртқан дұрыс, ең бастысы біз ұрпақ тәрбиесінің сабактастырын үзіп алдық, бұл өте қатерлі» деген ойын ортаға салды.

Жиынның қорытынды кезеңін түйіндей пікір айтқан ақын, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменов бұндай бас қосудың һәм пікір алмасудың, саясат тілімен айтқанда, диалог жүргізудің мемлекет пен халық арасындағы тұтастықты сақтаудағы маңызы зор екеніне тоқталды. Сондай-ақ қаламгерлер мен шығармашылық істі үйлестіретін баяғыдай мемлекеттік комитет сияқты іскер құрылым қажеттігі туралы жеке пікірін де жеткізді.

Басқосуды қортындылаған вице-премьер Бердібек Сапарбаев барлық ұсыныстар осында отырған Үкімет мүшелерімен бірге талқыланатынын айтты. «Алдағы уақытта да барлық облыста зиялды қауыммен осындағы жүздесулер болады. Бұл халық пен биліктің ынтымағы үшін қажет», деп атап көрсетті.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ